

2025 жылғы 20 наурыз

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

ВСС Invest компаниясы АІХ-те «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС компаниялар тобының тұңғыш облигацияларын орналастырудың қаржылық кеңесшісі және андеррайтері болды.

Ағымдағы жылдың наурыз айында «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС компаниялар тобы тұңғыш рет өз облигацияларын Astana International Exchange (АІХ) алаңына орналастырды. Қаржы кеңесшісі және андеррайтері ретінде ВСС Invest инвестициялық компаниясы шықты.

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС компаниялар тобы (ҚКЖ) жылдық 19% жартыжылдық купонмен 17 млрд теңгеге облигация орналастырды.

Бастапқыда ҚКЖ шамамен 15 млрд теңге орналастыруды жоспарлаған болатын, алайда сұраныс мәлімделген көлемнің 110%-дан астамын құрады, осыған байланысты 17 млрд теңгеге өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешім қабылданды.

Инвесторлардың қатарында ЕДБ (өтінімдердің 60%-ы), институционалдық инвесторлар (өтінімдердің 27%-ы), брокерлік-дилерлік компаниялар мен жеке инвесторлар (өтінімдердің 13%-ы) болды.

«Біздің кәсіпқойлар командасы АІХ-те ҚКЖ облигацияларын сәтті орналастыру үшін күш-жігерін аянып қалған жоқ. ҚКЖ еліміздің электр және жылу энергетикасы нарығындағы көшбасшылардың бірі және компанияның бізге білдірген сенімі біз үшін ыстық. Біз АІХ алаңында ҚКЖ купондық облигацияларын тұңғыш рет орналастырудың бір бөлігі болғанымызға қуаныштымыз», — деп атап өтті **«ВСС Invest» АҚ Корпоративтік қаржыландыру департаментінің басшысы Аманат Искаков.**

ВСС Invest компаниясының қаржылық консалтинг және андеррайтинг қызметі туралы

«BCC Invest» АҚ Корпоративтік қаржыландыру департаментінің командасы тиісті білімі мен қаржылық консалтинг және андеррайтинг саласында, оның ішінде халықаралық нарықтарда жұмыс тәжірибесі мол кәсіпқойлардан құралған. BCC Invest компаниясының сарапшылары компаниялардың нарыққа сәтті шығуының жаңа жолдарын үнемі ойлап тауып отырады. Команданың жұмысы клиенттің ұзақ мерзімді табысқа жетуіне бағытталған.

Компания туралы

BCC Invest инвестициялық компаниясы 1998 жылдан бастап Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында қызметін жүзеге асырады және брокерлік қызмет көрсету, активтерді, оның ішінде зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару, қаржылық консалтинг, бағалы қағаздар андеррайтингі қызметін көрсетеді. BCC Invest – ЦентрКредит Банкінің еншілес ұйымы.

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.

БАҚ-пен байланысушы тұлға:

Талита Жуматаева, тел.: +7 701 100 36 83
e-mail: tzhumatayeva@bcc-invest.kz